«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
«BILIM QAZYNA» КММ
№21 «Кәусар бұлақ» бөбекжай балабақшасы

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
2026 жылғы «27» 08
№ 56 бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ

Б А Ғ Д А Р Л А М А
«Домбыра – ұлттық мұра»
(5 жастағы балаларға арналған)

Ақтөбе қаласы
2026 жыл

Бағдарлама негізі: Жайымов А, Бүркітов С, Ысқақов Б. Домбыра үйрену мектебі.- Алматы: Өнер, 1992ж.

Құрастырған: №21 «Кәусар бұлақ» бөбекжай-балабақшасы педагогтері: Жуматова Ж.Я; Бибетова А.Ш

Пайдаланушы: Бибетова А.Ш педагог

№21 «Кәусар бұлақ» бөбекжай-балабақшасының педагогикалық кеңесінде **«Домбыра – ұлттық мұра»** бағдарламасы талқыланды.

Хаттама №_1_ «_26_» «__08__» 2026ж

№21 «Кәусар бұлақ» бөбекжай балабақша меңгерушісі:_____ А. Т. Казмұханбет

Қалалық сараптау комессиясының отырысында **«Домбыра – ұлттық мұра»** бағдарламасы мақұлданды және бекітілді.

Хаттама№ _2_ «_27_» «__08__» 2026 ж

Сараптау комисиясының төрайымы: _____ М. О. Косымбаева

«Кәусар бұлақ» бөбекжай-балабақшасы МКҚК-ның
музыка жетекшісі А. Б. Шынболатовнаның
«ДОМБЫРА – ҰЛТТЫҚ МҰРА» БАҒДАРЛАМАСЫНА
ПІКІР

«Домбыра – ұлттық мұра» бағдарламасы – қазақ халқының ұлттық өнері мен рухани құндылықтарын жас ұрпаққа насихаттауға бағытталған маңызды бағдарлама. Домбыра – халқымыздың тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін қасиетті музыкалық аспап. Сондықтан баланың ерте жастан домбырамен танысып, оның қадір-қасиетін түсінуі ұлттық сана мен мәдени құндылықтарды қалыптастыруда ерекше орын алады.

Бағдарламаның мазмұны балалардың жас ерекшеліктеріне сай қарапайым әрі түсінікті түрде домбыраның құрылысын, ұстау тәсілдерін, ішек қағыстарын, қарапайым әуендер мен күйлерді меңгертуге бағытталған. Сабақ барысында ойын, көрнекілік, қайталау және практикалық жаттығуларды қолдану баланың қызығушылығын арттырып, музыкалық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Бағдарламаның тәрбиелік маңызы да жоғары. Домбыра үйрену арқылы балалар ұлттық өнерді құрметтеуге, ұқыптылыққа, шыдамдылыққа, тыңдай білуге және өз еңбегінің нәтижесін бағалауға тәрбиеленеді. Сонымен қатар домбырада ойнау баланың есту қабілетін, ырғақ сезімін, есте сақтауын және қол қимылының үйлесімділігін дамытуға ықпал етеді.

Жалпы, «Домбыра – ұлттық мұра» бағдарламасы ұлттық өнерді дәріптеп қана қоймай, жас ұрпақтың шығармашылық және рухани дамуына мүмкіндік беретін мазмұнды бағдарлама деп бағалауға болады. Бағдарлама арқылы балалардың бойына туған халқына, ұлттық өнеріне деген сүйіспеншілік пен құрмет қалыптастыруға толық мүмкіндік бар. Домбыраның қоңыр үнін ұрпақ санасына сіңіру – ұлттық мұраны сақтаудың маңызды жолдарының бірі.

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
«BILIM QAZYNA» КММ-нің әдіскері К.И. Ерекеева

ТҮСІНІК ХАТ

«Домбыра– ұлттықмұра » үйірмесінің бағдарламасы балалардың ұлттық музыкаға деген қызығушылығын арттыруға, қазақ халқының дәстүрлі музыкалық мұрасын дәріптеуге және домбырада ойнаудың бастапқы дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Бағдарлама 72 сағатқа жоспарланған. Сабақтар аптасына 2 рет, 2 сағаттан өткізіледі. Бағдарламаны жүзеге асыру мерзімі – 3 жыл. Оқу барысында балалар домбыраның құрылысын, күй орындау ерекшеліктерін, ноталық сауат негіздерін меңгеріп, қарапайым музыкалық шығармаларды домбырада орындауға үйренеді.

Мақсаты:

Балаларға домбырада ойнаудың негізгі тәсілдерін үйрету, ұлттық музыкалық мәдениетке деген сүйіспеншілігін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту және қазақтың дәстүрлі күй өнерін насихаттау.

Өзектілігі:

Қазіргі таңда ұлттық құндылықтарды жас ұрпақтың бойына сіңіру, қазақ халқының дәстүрлі өнерін сақтау және кейінгі ұрпаққа жеткізу маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Домбыра – қазақ халқының ұлттық мәдениеті мен тарихын танытатын қасиетті музыкалық аспап. Сондықтан балаларды домбыра өнеріне баулу олардың эстетикалық талғамын, музыкалық қабілетін және ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Міндеттері:

- Балаларды домбыраның құрылымы және оны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру;
- домбырада отырыс, қол қойылымы және қағыс жасау тәсілдерін үйрету;
- музыкалық есту, ырғақ сезімі мен есте сақтау қабілеттерін дамыту;
- ноталық сауаттың бастапқы негіздерін меңгерту;
- қарапайым күйлер мен музыкалық шығармаларды орындауға үйрету;
- қазақтың дәстүрлі күй өнері туралы түсініктерін кеңейту;
- балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- сахнада өзін еркін ұстау және көпшілік алдында өнер көрсету дағдыларын қалыптастыру;
- ұлттық өнерге, мәдениетке және салт-дәстүрге құрмет сезімін тәрбиелеу.

Бағдарлама бойынша балалар нені меңгеруі керек:

- домбыраның құрылысын және негізгі бөліктерін;
- домбыраны дұрыс ұстау және күйге келтірудің бастапқы тәсілдерін;
- оң және сол қолдың дұрыс қойылымын;
- негізгі қағыс түрлерін;
- қарапайым ырғақтық және музыкалық үлгілерді;
- ноталық сауаттың бастапқы элементтерін;
- қарапайым күйлер мен музыкалық шығармаларды орындауды;
- шығарманы жаттау және өз бетінше орындау дағдыларын;
- ансамбль құрамында бірлесіп ойнауды;
- сахнада орындаушылық мәдениетті сақтауды.

Күтілетін нәтиже:

Бағдарлама соңында балалар домбыраны дұрыс ұстап, негізгі орындаушылық тәсілдерді қолдана алады. Қарапайым музыкалық шығармалар мен күйлерді нотаға және есту арқылы орындау дағдылары қалыптасады. Балалардың музыкалық естуі, ырғақ сезімі, есте сақтау қабілеті және шығармашылық белсенділігі дамиды.

Сонымен қатар, балалар қазақтың ұлттық музыкасы мен күй өнерінің маңызын түсініп, ұлттық мәдениетке деген қызығушылығы мен құрметін арттырады. Үйірме барысында алған білімдері мен дағдыларын концерттерде, шығармашылық іс-шараларда және түрлі байқауларда көрсете алады.

БАҒДАРЛАМА ТАҚЫРЫПТАРЫ
5 жас
(Барлығы 72 сағат, аптасына 2 рет)

№	Тақырыбы	Сағат саны
	Домбыра- ұлттық мұра	
1	Домбырамен танысу. Домбыраның құрылысы	1
2	Домбыра – қазақтың ұлттық аспабы	1
3	Домбыраны дұрыс ұстау және отырыс қалпы	1
4	Домбыраны күту және қауіпсіздік ережелері	1
5	Домбыраның ішектері	1
6	Домбыраның пернелері	1
7	Оң қолдың қойылымы	1
8	Сол қолдың қойылымы	1
9-10	Оң қолмен қағыс жасауға дайындық	2
11-12	Төмен қағыс	2
13-14	Жоғары қағыс	2
15	Төмен және жоғары қағысты ажырату	1
16-17	Төмен-жоғары кезектескен қағыс	2
18	Қарапайым ырғақпен танысу	1
19-20	Ырғақтық жаттығулар	2
21-22	Ашық ішектерде ойнау	2
23	Дыбысты таза және анық шығару	1
24-25	Сол қол саусақтарына арналған жаттығулар	2
26-27	Пернені басу және дыбыс алу	2
28	Оң және сол қол қимылдарын үйлестіру	1
29-30	Қарапайым әуендерді орындау	2
31-32	«Еркем-ай» күйіне дайындық	2
33-34	«Еркем-ай» күйінің алғашқы бөлімі	2
35	«Еркем-ай» күйін қайталау	1
36-37	«Достарым,кел,билейік» әуені тыңдау	2
38-39	«Достарым,кел,билейік» әуенімен танысу және орындау	2
40-41	Қазақтың халық күйлерімен танысу	2
42	Күйді тыңдау және сипатын ажырату	1
43-44	Дина Нұрпейісованың күй мұрасымен танысу	2
45-46	Құрманғазының күй өнері	2

№	Тақырыбы	Сағат саны
47-48	Тәттімбет күйлерімен танысу	2
49	Нұрғиса Тілендиев және домбыра өнері	1
50-51	Домбыра және қазақтың салт-дәстүрі	2
52-53	Музыкалық-дидактикалық ойындар	2
54	«Қай қағыс?» музыкалық ойыны	1
55-56	«Пернені тап» және саусақ жаттығулары	2
57-58	Жеке орындауға дайындық	2
59	Жеке орындау	1
60-61	Жұппен домбырада орындау	2
62-63	Топпен орындау	2
64	Ансамбльде ойнау ережелері	1
65-66	Домбырамен әнді сүйемелдеуге дайындық	2
67-68	Үйренген шығармаларды қайталау	2
69	Орындаушылық мәдениет	1
70	Концерттік орындауға дайындық	1
71	Қорытынды орындау	1
72	Қорытынды сабақ. Білім мен дағдыларды бекіту	1

Барлығы: 72 сағат

БАҒДАРЛАМА МАЗМҰНЫ

«Домбыра- ұлттық мұра» үйірмесі 5 жастағы балаларына арналған. Бағдарлама 72 сағатқа жоспарланған. Негізгі мақсаты – балаларды қазақ халқының ұлттық аспабы домбырамен таныстыру, домбырада ойнаудың бастапқы дағдыларын қалыптастыру және ұлттық музыкаға қызығушылығын арттыру.
Бағдарлама мазмұны бірнеше бағытты қамтиды:

1. Домбырамен танысу

* домбыраның қазақ халқы үшін маңызы;
* домбыраның құрылысы;
* шанағы, мойны, құлағы, тиегі, ішектері мен пернелері;
* домбыраны дұрыс ұстау және сақтау ережелері.

2. Домбырада ойнаудың бастапқы дағдылары

* дұрыс отырыс қалпы;
* оң және сол қолдың қойылымы;
* саусақтарды дұрыс орналастыру;
* ашық ішектерде ойнау;
* пернені басу және дыбыс алу.

3. Қағыс және ырғақ

* төмен қағыс;
* жоғары қағыс;
* төмен-жоғары қағыс;
* қарапайым ырғақтарды орындау;
* қағыс пен ырғақты бірқалыпты орындау.

4. Қарапайым әуендер мен күйлер
Балаларға жас ерекшелігіне сәйкес жеңіл әуендер мен шығармалар үйретіледі. Атап айтқанда:

* «Еркем- ай»;
* «Достарым, кел, билейік» әуені;
* қазақтың халық күйлерінен жеңіл үзінділер.

5. Қазақтың күй өнерімен таныстыру
Балалар қазақтың белгілі күйшілері мен композиторлары туралы қарапайым түсінік алады:

* Құрманғазы;
* Дина Нұрпейісова;

* Тәттімбет;
* Нұрғиса Тілендиев.

Күйлерді тыңдау арқылы балалар домбыраның үнін, шығарманың көңіл күйі мен сипатын ажыратуға үйренеді.

6. Практикалық және ойындық жұмыстар

* музыкалық-дидактикалық ойындар;
* «Қай қағыс?»;
* «Пернені тап»;
* ырғақтық жаттығулар;
* жеке орындау;
* жұппен және топпен орындау.

7. Орындаушылық дағдылар

* домбырада қарапайым шығармаларды орындау;
* домбырамен әндерді сүйемелдеу;
* ансамбльде ойнау;
* бірге бастау және бірге аяқтау;
* сахнада өзін дұрыс ұстау.

8. Қорытынды бөлім

Бағдарлама соңында балалар жыл бойы меңгерген қағыс, ырғақ, перне және орындау дағдыларын бекітіп, үйренген шығармаларын жеке, жұптық және топтық түрде орындайды.

Күтілетін нәтиже: бағдарлама соңында бала домбыраның негізгі бөліктерін біледі, аспапты дұрыс ұстай алады, қарапайым қағыстарды орындайды, жеңіл әуендерді ойнайды, домбыра үнін ажыратады және қазақтың ұлттық музыкасына қызығушылық танытады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Негізгі әдебиеттер:

1. Жайымов А., Бүркітов С., Ысқақов Б. Домбыра үйрену мектебі. – Алматы: Өнер, 1992. – 240 б.
2. Тастанов Х. Домбырадан сабақ беру методы. – Алматы: Жазушы, 1970. – 74 б.
3. Хамиди Л., Ғизатов Б. Домбыра үйрену мектебі. – Алматы: Өнер, 1983. – 147 б.

Қосымша әдебиеттер:

1. Сахарбаева К. Домбыра-дәстан. – Алматы: Мектеп, 2002. – 254 б.
2. Райымбергенов А., Аманова С. Күй қайнары. – Алматы: Өнер, 1997.
3. Мерғалиев Т. Домбыра сазы. – Алматы: Жазушы, 1972.
4. Нәжімеденов Ж. Домбыра ойнау оңай ма? – Алматы: Өнер, 2013. – 160 б.
5. Сарыбаев Б. Қазақтың музыкалық аспаптары. – Алматы, 1980.
6. Тоқтағанов А., Бәділов Т. Домбыраға арналған гаммалар мен арпеджиолар. – Алматы: Өнер, 1990. – 50 б.